

Әділбекова Ж.Қ., Сейдан Ү.Б.*

филолог.ғ.к., доцент, М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан
«Филология» факультетінің 6М020500 –«Филология» мамандығының 2 курс магистранты
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент, Қазақстан

ҚАЗАҚ ТІЛДІ БАСЫЛЫМДАРДЫҢ ТАҚЫРЫП-АЙДАРЛАРЫНЫҢ ТІЛДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Автор корреспондент: amirbaevag@mail.ru

Түйін: Тұрақты тіркесті, мақал-мәтелді тақырыптар газет бетінің айнасы. Әдетте тілші мамандар күнделікті өмірде өзін толғантқан келелі ой, пікірлерін оқырман қауымға жеткізуде құлақ құрышын қандыра тіркестерді қолданады. Мақал әдетте толық тұлғалы болады, ой тұтас келеді, бір не бірнеше тұжырымды толық сөйлемнен құралады.

Газет-журнал тілі халыққа мол білім, ақпарат беретін қайнар бұлақ. Мақалада қазақ тілді газет-журналдың тақырыптарындағы тілдік ерекшеліктері қарастырылған. Зерттеу барысында көптеген әдебиеттерге шолу жасалған. Тақырып оқу арқылы кейінгі мазмұнын оқуға бет аламыз. Егер оқырманға тақырып қызықты болса, ары қарай оқи бастайды, ал қызықсыз болса оқылымға түспей, шетке ысырып қоя салуы әбден мүмкін. Сол себепті газет журналисі және кез келген мақала жазушы автор осыны ескеруі керек. Тақырыптарды зерттеу барысында фразеологизмдер, мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, дәйексөздер және антонимдер тақырып атауы бола алатындығы сөз болған. Сондай-ақ, аяқталмаған ойдан кейін көп нүктелердің қойылуы себептері анықталған. Әр тақырыпты оқып ішкі мазмұнымен салыстырғанда, бәрі біріне-бірі сай мағынасы толық ашылады. Баспасөз мақалалары өте жоғары деңгейде болуы үшін ешбір грамматикалық қателердің кездеспей, тақырып атауларының дұрыс болуы керектігі дәлелденген.

Кілттік сөздер: газет, журнал, тақырып, сөз, сөйлем, тіл, қоғам

Баспасөз қай кезеңде, қай заманда болмасын қоғамға қызмет ететін өзіндік рөлі бар ақпараттар ағыны. Ал қазіргідей компьютерлік байланысы әлемді шырмауықтай қаптаған, техникалық мүмкіншіліктердің орасан дамыған кезеңінде, ақпарат жүйесінде ең алдымен баспасөздің жеделдігі, нақтылығы, мазмұндылығы, дәлдігі басты рөл атқарады. Газеттің қазіргі қоғамдағы мәдени ақпаратты сақтаушы және жаңғыртушы ретіндегі қызметі анық көрінеді.

Баспасөздің орнын айқын, анық көрсеткісі келген, сөз зергері, әрі қоғам қайраткері, жазушы А.Байтұрсынұлы: «Газет – халықтың көзі, құлағы, һәм тілі», - деген мағыналы сөз айтқан [1, 15-б.].

Қоғамдық санаға ықпал ететін бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш бұқаралық ақпарат құралдарының басты тетіктерінің бірі – баспасөз болып табылады. Баспасөздің қоғамымыздағы алатын орнына жоғары баға берілді. Мерзімді баспасөз – сол қоғамдағы әлеуметтік саяси, ресми, қаулы-қарарларды, өз беттерімен жариялап тұратын ақпараттар ағыны. Осы мәселе тұрғысында Б.Момынова: «Қазіргі кездегі өркендеп дамыған бұқаралық ақпарат құралдары оқылатын (визуальды) мерзімді басылымдар тыңдалатын (аудиальды-радио), әрі тыңдауға, әрі көруге болатын (аудиовизуальды-теледидар, деректі кино) болып үш түрге бөлінеді. Бұлардың коммуникативті құрылымдарындағы кейбір айырмашылықтары болмаса, атқаратын қызметтері ұқсас» [2, 11-б.].

Газет – біздің санамызға әсер етуші негізгі фактор. Ол – тәрбие құралы. Тәрбие құралында тілдің көркемдігі, ойдың жинақылығы, сөздің жандылығы бірінші орында тұруы шарт. Ғылыми немесе көркем әдебиет мәтіндерімен салыстырғанда, газет мәтіні оқуға жеңіл. Газет оқырманы – мінезі әр қилы, мамандығы әр түрлі, әлеуметтік жағдайы да бөлек адамдар аудиториясы.

Бүгінгі зерттеу жұмысымыз газет-журналдардың тақырыптарына арналады. Жалпы газет тақырыбының негізі – идеяны, ойды, түйінді береді, ал бар идея мақалада жинақталады, оны оқып шыққан соң оқырманда толыққанды түсінік пайда болады. Автор

ең алдымен мақаланы беруде оның мазмұнын идеяға түйіндейді. Тақырып – мақаланың мәтінде болатын және тұтас шығарманың басқа құрамдас бөліктерімен байланысты толық заңды құрамы. Мақала мәтіннің прагматикалық мүмкіндігін арттыра түсетін микрокомпоненттердің бірі – мәтіннің тақырыбы, айдары, аты.

Тұрақты тіркесті, мақал-мәтелді тақырыптар газет бетінің айнасы. Әдетте тілші мамандар күнделікті өмірде өзін толғантқан келелі ой, пікірлерін оқырман қауымға жеткізуде құлақ құрышын қандырап тіркестерді қолданады. Мақал әдетте толық тұлғалы болады, ой тұтас келеді, бір не бірнеше тұжырымды толық сөйлемнен құралады. Материалдың анализі көрсеткендей мақал-мәтелдер хабарды дәл, айқын «тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін» тақырыпқа үстеме реңк меңзеу үшін қолданылады.

Психологтардың зерттеуінше ең бастысы оқырман қауымның 80%-ы газеттегі мақала тақырыбына көңіл аударады екен. Тақырыпқа қарап оқырман мақаланы ынтыға оқып немесе шетке ысырып қоюы әбден мүмкін. Мәтіндегі айтылатын ойдың жиынтығы тақырып арқылы көрінеді. Сонымен бірге мәтіндегі айтылатын ой мен жеткізілетін хабарға баға беруі әрі осы баға берушілік қасиетінің нәтижесінде мәтінді қабылдау кезінде жүзеге асады.

«Ontustik Qazaqstan» газеті 1924 жылғы 24 қарашадан бастап шығады. Бүгінгі таңда 95 жыл толып отыр. Көлемі 6 беттен тұрады. Берілетін мәліметтер төңірегіне сай айдар атаулары қойылған. Дәйексөзі «Тұғырымыз – тыныштық, тірегіміз – тұрақтылық!» деп аталады. Тақырып атауларына кезек берсек, «*Нұр-сұлтан «төрт құбыласы тең қала» қазғидатымен дамуы тиіс*», (2019 жыл, 10 қазан), «*Оңтүстіктің торқалы тойы Түркістанның төрінде өтті*» (2019 жыл, 7 желтоқсан). Алғашқысы ұлтымыздың ұлағатты ұғымдарында «төрт құбыла» деп шығыс, батыс, оңтүстік және солтүстікті айтқан. «Төрт құбыласы түгел» деген тағылымды сөзде осы ұғымға сәйкес «қайда барса да жолы ашық» дегенді меңзейді. «Торқа» сөзі мата атауының бірі – ең қымбат жібек матаның атауынан шыққан. Азалы үйдің адамдарына жұбату ретінде: «Арты қайырлы болсынмен» қатар, «Топырағы торқа болсын!» деп тілек білдіру жоралғысы бар. М.Балақаев осы бір тіркесті той-думанға араластырудың қажеті жоқ екенін айтады. Дегенмен, «торқа» той-думан мағынасында да қолданылады. «Торқалы көйлек, торқаға орану, торқалы той» деген тіркестер әлі «тірі». Қалада болмаса да алыс ауылдарда айтылып жатады. Торқалы той, тұмарлы жүйрік – даңқты үлкен мереке, кәделі, салтанатты жиын, мерейтой. Торқалы той, топырақты өлім – бір қуаныш, бір қайғы. Бұл ұлтымыздың ежелден келе жатқан бірлігі, ағайын-туыс, тұтас елдің ұрандасып, баталасып, барлығын да бірге атқарысуы. Ауыл, рулы ел болып жұмылу салтын білдіреді.

Баспасөз бетіндегі тақырыптар тіл-тілде жүйелі түрде пайдаланылып, тілдік қорды байытуға септігін тигізетін бұқаралық ақпарат құралдарының құрамдас бөлігі. Тұрақты тіркесті тақырыптар – мақаланың мазмұнын ашатын автордың өзіндік көзқарасын танытуға мүмкіндік беретін қоғамдық сана мен болмыстағы өзгерістерді беретін тілдік бірлік. Кейде стильдік мақсаттар үшін сөйлем мүшелерінің қалыпты орны өзгеріп, инверсия арқылы белгілі бір сөзге ой екпіні түсіріледі. Ал публицистикалық, ғылыми шығармалардағы сөйлем мүшелерінің орнын газет-журнал тілінде қалай болса солай ауыстыра беруге болмайды. Ондай жағдайда сөйлем жатықтығынан айырылып, мағынасы қиындап, негізгі ой көлеңкеленіп, мағынасы солғындап қалады. Бұл ерекшеліктер ой білдіру мақсатының, ойды жеткізудегі, әдеби түйіндердің өзгешеліктерінде ғана, яғни көркемдік тәсілдерінің басым болуында емес, соған лайық ойдың формасы тілдік тұлғалардың да, біркелкі қолданыла бермеуінде. Яғни, жекелеген грамматикалық формалар мен лексикалардың белгілі бір стильде жұмсалыуының өте икемді болуында. Демек, баспасөз тілінің де өз ерекшелігі бар.

Тақырып ретінде халық тілінде бұрыннан қалыптасқан, ұлт санасында жатталып қалған афоризмдер, қанатты сөздерді қолданады. Зерттеуіміздің мақал-мәтел маржан сөздерінен кейінгі тақырыбы – афоризм тобы. Абай фразеологизмін зерттеген ғалым Р.Сыздықова: «Фразеологизмдер – сандаған жылдар мен ғасырлардың қатынасы, бұл бір

жағынан, екінші жағынан жеке қаламгердің табысы, еңбегі, ізденісі» деді.

Афоризм – жоғарыда атап көрсетілгендей, қазір ділмәр сөздер деп те аталып жүр. Мысалы: *Өзіңе сен өзіңді алып шығар* (Егемен Қазақстан 2000), *Фарица, Фаризажан, Фарица қыз*, (Егемен Қазақстан 2000), *Білімдіден шыққан сөз, талаптыға болсын кез* (Егемен Қазақстан 2001), *Ғылым таппай мақтанба...* (Егемен Қазақстан 2002), *Пайда ойлама, ар ойла* (Shymkentkelbeti 2019 жыл, 30 қазан) тақырыптары мысал бола алады. Зерттеуші ғалым И.Вербицкая айтуынша; «афоризмдер баспасөз тақырыптарына арқау болатын кеңінен тараған құбылыс болып табылады» [3,41-42-бб.].

Журналистер фразеологизмді кіріспе сөзде, тақырып қоюда, мәтінді жариялау кезінде газеттің тақырыбына назар аудару үшін қолданады.

Зерттеушілер тілімізде фразеологизмдерді қолданудың екі тәсілі бар екенін айтады:

1. Фразеологизмдердің жалпыхалықтық формада қолданылуы;

2. Фразеологизмдердің өзгертіліп, авторлық өңдеумен қолданылуы;

Баян Бақтыгерейқызының зерттеу пікірінде, баспасөздегі фразеологизмдерді екіге бөліп, қарастырды:

1) Дәстүрлі тұрақты тіркестер (Барар жерің – балқан тау; Балта шабу; Бай бастас, бауыр қандас, би құлақтас; Әділдікке өлшеу; Сабырлы мойымау; Сағымдай құбылу; Сау басына сақина тілеу т.б.)

2) Авторлық қолданыстағы тұрақты тіркестер (Саяси арена; Билік баспалдағы;

Саясаттың сойылын соғу; Ноқталы сот; Саясат сахнасы, т.б.) [2,5-б.].

Мысалы: *Толғауы тоқсан, қызыл тіл (Ана тілі, 2014 13-19 ақпан)*. Газет бетінде көкейге қонымды, көркем орамды түрлі тақырыптар кездеседі. Қазақ әдебиеті газетінде жарияланған: *Дәстүрдің озығы бар, тозығы бар*. Ана тілі газетінде 2017 жылы наурыздағы шығарылымда: *Жақсы сөз – жарым ырыс, Аурудың алдын алған абзал, Орамал тон болмайды, жол болады десек те...Айран ішкен құтылып шелек жалаған тұтылады т.б.*

«Егемен Қазақстан» газеті көп айдарлы болып келеді. Ондағы айдарлар: Ел және Елбасы, Экономика, Саясат, Қоғам. Ондағы айдар орындары ауысып отырады. Тұрақты тіркесті тақырыптарға назар аударсақ, «*Қызға қырық үйден тыйым болуы керек-ақ*» (Егемен Қазақстан, 2019 жыл, 29 қараша), *Қысқа жіп күрмеуге келмейтін кезеңде көп мәселе шешіледі* (Рейтинг газеті 2018 жыл, 25 желтоқсан) және т.б.

Мақал-мәтелді тақырыптарға көз жіберсек, «*Суға салса, батпайды*» (Рейтинг 2018, 25 желтоқсан), «*Жақсыдан жасыл бақ қалар*», (Егемен Қазақстан 2019 жыл, 29 қараша), «*Шеберді саусағы асырайды*» (Shymkent kelbeti 2019 жыл, 25 желтоқсан), «*Тамызық тапсаң, тас та жанады*» (Shymkent kelbeti 2019 жыл, 25 желтоқсан), «*Өнерлінің қолы алтын*», «*Көзден кетсе де, көңілден кетпес* (Shymkent kelbeti 2019 жыл, 25 желтоқсан) және т.б.

Көп нүкте (...) мағынаға байланысты қойылатын тыныс белгісі. Көп нүкте ойдың аяқталмай қалғандығын білдіреді дейді зерттеуші ғалым Ф.Ғ.Мұсабекова. Мәтін соңына дейін ойы аяқталмаған тұрақты тіркестерді бергенде, оқырманның қызығушылығы артады, әуесқойлығы туады. Тақырыптың соңына көп нүкте беру әдісі де тақырыптарда кездеседі. Бұндай құбылысты орыс тілінде «недоговаривание», яғни «аяқталмаған» деп те атайды. Бұл әдістің мәтіндегі ойды түсінуге деген оқырман қызығушылығын арттыру мүмкіндігі зор. Тақырыпты көп нүктемен аяқтау мәтіннің стилистикалық категориясына жатады. Ал көп нүкте арқылы берілген тақырыптарды оқыған оқырман үшін, автор жасырын тұрған астарлы ой тастағандай көрінеді. Бұл ой оқырманды мәтінді толық оқып шығуға ынталандырады. Оқырман мәтінді оқи отырып, жарияланымның авторы идеяны толық жеткізбей, көп нүкте арқылы беріп отырған тақырыпты қалай аяқтаса болар екен деп, мәтінді қызыға оқитыны сөзсіз. Бұл процесс газет мәтіні тақырыбының прагматикалық функциясын атқаратын микрокомпоненттердің бірі. [3,44-45-бб.].

«*Дертті жасыраң, дендейді...*», «*Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда...*», «*Жауһар жырды жүрегінде тербеген...*» (Shymkent kelbeti, 2019 жыл 25 желтоқсан), «*Қазаннан*

қақпақ кетсе...», «Тағы да кезектен тыс...» (Рейтинг 2018, 25 желтоқсан), «Әміре ізін жалғазан...», «Абайдан соң...Мұқағали сөздігі» (Егемен Қазақстан 2019 жыл, 29 қараша)

Ассонанс пен аллитерация құбылысы да, газет тақырыптарының өзегі болған. Ассонанс дегеніміз – бірыңғай дауысты дыбыстардың қайталануы. Ассонанс – өлең сөзде дауысты дыбыстардың үндес қайталануы. Мұның өзі суреткердің шеберлігіне байланысты болатын құбылыс. «Елін сүйген, елі сүйген Елбасы» (Егемен Қазақстан 2019 жыл 29 қараша).

Аллитерация дегеніміз – бірыңғай дауыссыздардың қайталануы, бүкіл әлем поэзиясында ертеден қалыптасып келе жатқан стилистикалық айшық. «Кекілбаев кемеңгер», «Дара дауысты дарын», «Сәкеннің соңғы сапарын сахналады» (Егемен Қазақстан 2019 жыл, 29 қараша), «Тағдыры тосын талант», «Тағдыры тартыспен тұсалған таутұлға» (Shymkent kelbeti 2019 жыл, 25 желтоқсан)

Бүгінгі күні тілдік қорымыздан берік орын алған, кейбір терминге айналған нарық, кеден, ұжым, тәркілеу, ұжымшар, кеңшар, нысан, мәтін, құқық және басқа көптеген сөздер – баспасөз арқылы немесе баспасөздің дәнекерлігімен кірген, орныққан сөздер. Осы салада, әсіресе, «Ана тілі» газетінің сіңірген еңбегінің зор екенін атап көрсеткен жөн. Оның бір кезде жарияланған «Тәржімелік тәжірибелер», «Ақылдасайық, ағайын», «Толғауы тоқсан қызыл тіл», және басқа айдарлармен берілген мақалаларын жүйелеп, жеке кітап етіп шығарса, менің пікірімше, соның ішінен бүгінгі күннің қажетіне жарарлық сөздер де, қазіргі сәтте шешілуге тиіс күрделі мәселелердің ілгегі де ілінер еді.

Сайып келгенде, тілдің басты тұтынушысы да, түлетушісі де, топшысын қатайтушысы да, байлығын молайтушысы да, есесін іздеп, жоғын жоқтап, мұңын мұндаушысы да – баспасөз. Олай болса, бірде-бір басылым сөз алдындағы өзінің жауапкершілігін ешқашан естен шығармауы керек. Баспасөз бетінде жарық көрген әрбір мақаланы үтір, нүктесімен тексеріп қарайлатын газет журналистері болады. Олардың еңбегі орасан зор. Жұмысты «ар ісі» деп қарайды. Бүкіл бұқара газетті алып оқитын болған соң, баспасөз орфография және пунктуация ережелерін қатаң ұстануға міндетті.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қапалова Ә.І. Білім және ғылым тақырыбының баспасөз беттерінде жазылу ерекшелігі //Білім/Образование. 2014, №1. С. 15
2. Қожабекова Р. Баспасөз бетіндегі тақырыптардың фразеологиялану ерекшелігі. Түркістан: Тұран, 2004, 141 б.
3. Жұмағұлова М.Ш. Газети публицистика тіліндегі эвфемизмдер. Алматы, 2000, 111 б.

Аннотация: Правильно расположенные пословицы и поговорки являются зеркалом на веб-странице. Журналисты часто используют фразы «от уха до уха» чтобы донести до читателя самые важные мысли и идеи в повседневной жизни. Статья обычно полноценная все продумано, состоит из одной или нескольких формул.

Богатые знания, информацию мы черпаем из газет и журналов. Мы выбрали тему «Языковые особенности казахского языка в газетах и журналах. В ходе исследования больше внимания уделила казахской литературе. Сначала мы читаем название статьи, а затем приступаем читать сам текст если название текста заинтересовало читателя, то он дальше продолжит читать, но если название текста не заинтересовало, то и сам текст не будет прочитан. Поэтому журналист газеты и автор любой статьи должен об этом помнить.

В ходе изучения темы я столкнулась с фразеологизмами, пословицами, антонимами незавершенными мыслями изречения слов цитатами заголовков. Сравнивая тему и содержание все соответствует. Печатные статьи опубликованные на высоком уровне без грамматических ошибок нас очень радует.

Ключевые слова: газета, журнал, тема, слова, предложение, языка, общества.

Abstract: Properly placed proverbs and sayings are mirrors on a web page. Journalists often use the phrases “from ear to ear” to convey to the reader the most important thoughts and ideas in everyday life. An article is usually full, everything is thought out, consists of one or more formulas.

We draw rich knowledge and information from newspapers and a magazine. I chose the topic

“Language features of the Kazakh language in newspapers and magazines. During the study, more attention was paid to Kazakh literature. First, we read the title of the article, and then we start reading the text there if the title of the text interested the reader, then he will continue to read, but if the title of the article is not interesting, then the text itself will not be read. Therefore, the journalist of the newspaper and the author of any article should remember this.

In the course of studying the topic, I came across phraseologisms, proverbs, antonyms, incomplete thoughts of saying words, quotes from headings. Comparing the topic and content, everything is consistent. Printed articles published at a high level without grammatical errors make us very happy.

Keywords: newspaper, magazine, topic, words, sentence, language, societies.